

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Лисаков қаласы білім бөлімінің «Балалар өнер мектебі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

мекен-жайы: Лисаков қ., 1 шағынаудан, 27 ғимарат, 3 қабат

тел.: 8(71433)2-13-23

электрондық пошта: dmschool@mail.kz

1. Қосымша білім беру педагогтың (гитара) бос лауазымына 124587 теңгеден бастап 18 сағат ставкасы үшін еңбекақы төленетін ашық конкурс жариялайды. Конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы негізінде өткізіледі.

Конкурстың өтетін күні мен орны: 2025 жылғы 16 қыркүйектен 24 қыркүйекке дейін; Лисаков қ., 1 шағынаудан, 27 ғимарат, 3 қабат

2. Конкурстың кезеңдері:

1. конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
2. конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;
3. кандидаттар құжаттарын педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген, Біліктілік талаптарына сәйкестігін қарастыру;
4. конкурстық комиссияның отырысы.

Конкурсқа қатысуға өтінім беру мерзімі мен орны: БАҚ-та жарияланған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде бос лауазымға орналасуға арналған құжаттар «Балалар өнер мектебі» КМҚК-не, Лисаков қ., 1 шағынаудан, 27 ғимарат, 3 қабат (электрондық пошта немесе қағаз жеткізгіште) мекенжайы бойынша қабылданады.

3. Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандартына сәйкес тәрбиеленушілердің музыкалық тәрбиесі мен эстетикалық дамуын жүзеге асырады. Музыкалық аспапта орындау техникасын кәсіби меңгерген.

2. Музыкалық және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді (кемінде 5 жылда бір рет); балалармен жеке жұмыс жүргізеді, музыкалық дарынды балаларды анықтайды.

3. Қосымша білім беру саласында білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

4. Балаларға қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақтардың жоспарлары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Белгіленген құжаттаманы жүргізеді.

5. Психофизиологиялық мақсатқа негізделген жұмыс формаларын, құралдары мен әдістерін педагогикалық негізделген таңдауды қамтамасыз етеді, адамгершілік-рухани тұлғаның дамуына ықпал етеді.

6. Балалардың конкурстарға, олимпиадаларға, фестивальдерге қатысуын ұйымдастырады. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) демалысын ұйымдастыруға қатысады

7. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, дағдыларды игеруді, шығармашылық қызмет тәжірибесін, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалайды.

8. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) шығармашылық қабілеттерін анықтайды, тұрақты кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін қалыптастыруға ықпал етеді, дарынды және таланты білім алушыларды, оның ішінде дамуында ауытқуы бар балаларды қолдайды.

9. Психологиялық жайлылық жағдайын жасауға жәрдемдеседі, сабақтарды өткізу кезінде еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жауапты болады.

10. Ата-аналарға және оларды алмастыратын адамдарға, сондай-ақ педагог қызметкерлерге консультациялық көмек көрсетеді. Контингентті сақтау бойынша жұмыс жүргізеді.

11. Педагогикалық кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің және әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарының қызметіне қатысады. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады.

4. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

✓ біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: үйірменің, секцияның, студияның және өзге де балалар бірлестігінің тиісті бейіні бойынша жұмыс өтіліне қойылатын талаптарсыз жоғары педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне қойылатын талаптарды көрсетпей педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат;

✓ біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маманның біліктілігі: педагогикалық бейіндегі техникалық және кәсіптік білім немесе үйірменің, секцияның, студияның және өзге де балалар бірлестігінің (Балалар музыка мектебі, Балалар өнер мектебі) тиісті бейіні бойынша жұмыс өтіліне талаптар қойылмай;

✓ біліктіліктің орта немесе жоғары деңгейі болған жағдайда: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл мамандығы бойынша жұмыс өтілі; және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін мамандық бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

5. Құжаттарды қабылдау мерзімі - 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап 24 қыркүйекті қоса алғанда.

6. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жібереді:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу (тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;

11) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Көрсетілген міндетті құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары:

8(71433)2-13-23

dmschool@mail.kz

**Коммунальное государственное казённое предприятие
«Детская школа искусств» отдела образования города Лисаковска»
Управления образования акимата Костанайской области**

адрес: г. Лисаковск, 1 микрорайон, строение 27, 3 этаж

тел.: 8(71433) 2-13-23

электронная почта: dmschool@mail.kz

1. Объявляет открытый конкурс на вакантную должность педагога дополнительного образования (гитара) с оплатой труда за ставку 18 часов от 124587 тенге. Конкурс проводится на основании совместного приказа Министра просвещения Республики Казахстан от 31 марта 2025 года № 57 и Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 31 марта 2025 года № 96 «Об утверждении правил назначения на должности, освобождения от должностей первых руководителей и педагогов государственных организаций образования»

Дата и место проведения конкурса: с 16 сентября по 24 сентября 2025 года, г.Лисаковск, 1 микрорайон, строение 27, 3 этаж

2. Этапы конкурса:

1. публикация объявления о проведении конкурса;
2. приём документов от кандидатов, изъявивших желание участвовать в конкурсе;
3. рассмотрение документов кандидатов на соответствие квалификационным требованиям, утверждёнными Типовыми квалификационными характеристиками педагогов;
4. заседание конкурсной комиссии.

Срок и место подачи заявок на участие в конкурсе: в течение 7 рабочих дней со дня опубликования в СМИ, документы на занятие вакантной должности принимаются в КГКП «Детская школа искусств» отдела образования города Лисаковска» Управления образования акимата Костанайской области, по адресу г. Лисаковск, 1 микрорайон, строение 27, 3 этаж (по электронной почте или на бумажном носителе).

3. Основные функциональные обязанности:

1. Осуществляет музыкальное воспитание и эстетическое развитие воспитанников в соответствии с государственным общеобязательным стандартом обучения. Профессионально владеет техникой исполнения на музыкальном инструменте.
2. Организует и проводит музыкальные и другие культурно-массовые мероприятия (не менее одного раза в 5 лет); ведет индивидуальную работу с детьми, выявляет музыкально одаренных детей.
3. Организует и обеспечивает разнообразную творческую деятельность обучающихся (воспитанников) в области дополнительного образования.
4. Участвует в разработке и реализации образовательных учебных программ дополнительного образования детей, составляет планы и программы занятий, обеспечивает их выполнение. Ведет установленную документацию.

5. Обеспечивает педагогически обоснованный выбор форм, средств и методов работы, исходя из психофизиологической целесообразности, способствует развитию нравственно-духовной личности.

6. Организует участие детей (при наличии условий) в конкурсах, олимпиадах, фестивалях. Участвует в организации каникулярного отдыха обучающихся (воспитанников)

7. Обеспечивает и анализирует достижения обучающихся, воспитанников. Оценивает эффективность обучения, учитывая овладение умениями, развитие опыта творческой деятельности, познавательного интереса, используя компьютерные технологии.

8. Выявляет творческие способности обучающихся (воспитанников), способствует формированию устойчивых профессиональных интересов и склонностей, поддерживает одаренных и талантливых обучающихся, в том числе детей, имеющих отклонение в развитии.

9. Содействует созданию обстановки психологического комфорта, обеспечивает при проведении занятий соблюдение правил и норм охраны труда, техники безопасности и противопожарной безопасности, несет ответственность за сохранение жизни и здоровья детей.

10. Оказывает консультативную помощь родителям и лицам, их заменяющим, а также педагогическим работникам. Ведет работу по сохранению контингента.

11. Участвует в деятельности педагогических советов, методических объединений и других формах методической работы. Систематически повышает свою профессиональную квалификацию.

4. Квалификационные требования, предъявляемые к кандидату, утвержденные Типовыми квалификационными характеристиками педагогов:

✓ специалист высшего уровня квалификации без категории: высшее педагогическое образование по соответствующему профилю кружка, секции, студии и иного детского объединения без предъявления требований к стажу работы, или иное профессиональное образование по соответствующему профилю или документ, подтверждающий педагогическую переподготовку, без предъявления требований к стажу работы;

✓ специалиста среднего уровня квалификации без категории: техническое и профессиональное образование педагогического профиля или по соответствующему профилю кружка, секции, студии и иного детского объединения (Детская музыкальная школа, Детская школа искусств) без предъявления требований к стажу работы;

✓ при наличии высшего и среднего уровня квалификации стаж педагогической работы: для педагога-модератора не менее 2 лет; для педагога-эксперта – не менее 3 лет; педагога-исследователя не менее 4 лет; и (или) при наличии высшего уровня квалификации стаж педагогической работы для педагога-мастера – 5 лет.

5. Срок приема документов – с 16 сентября по 24 сентября 2025 года включительно.

6. Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе, в сроки приема документов, указанных в объявлении, направляет следующие документы в электронном или бумажном виде:

1) заявление об участии в конкурсе с указанием перечня прилагаемых документов по форме согласно приложению 3 к настоящим Правилам;

2) документ, удостоверяющий личность либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);

3) заполненный личный листок по учету кадров (с указанием адреса фактического места жительства и контактных телефонов – при наличии);

4) копии документов об образовании в соответствии с предъявляемыми к должности квалификационными требованиями, утвержденными Типовыми квалификационными характеристиками;

5) копия документа, подтверждающую трудовую деятельность (при наличии);

6) справка о состоянии здоровья по форме 075/у, утвержденная приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 "Об утверждении форм учетной документации в области здравоохранения, а также инструкций по их заполнению" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 21579);

7) справка об отсутствии динамического наблюдения больных с психическими поведенческими расстройствами;

8) справка об отсутствии динамического наблюдения наркологических больных;

9) сертификат о результатах прохождения сертификации или удостоверение о наличии действующей квалификационной категории (при наличии);

10) заполненный Оценочный лист кандидата на вакантную или временно вакантную должность педагога по форме согласно приложениям 12, 13 к настоящим Правилам.

11) рекомендательное письмо с места работы (по должности педагога), учебы.

Кандидат при наличии представляет дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых/академических степеней и званий, научных или методических публикациях, квалификационных категорий, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Отсутствие одного из указанных обязательных документов является основанием для возврата документов кандидату.

Контактные телефоны для уточнения информации:

8(71433)2-13-23

dmschool@mail.kz